

және адамгершілікті қоғам жетіспейді. Себебі тек қоғамды дамыта отырып, келесі біршама жоғары деңгейге шығуға, сонымен бірге мемлекет-идеал, үстемдік етуші мораль нормалары мен құқықтар болатын болашақ мемлекет құруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Лазарев В.В., Липень С.В. Теория государства и права: Учебник для вузов. - М.: Издательство «Спарк», 1998. – 435 с.
2. Политология: Курс лекций. /Под ред. М.Н. Марченко. - М.: Зерцало, 1997. - 169 с.
3. Комаров С.А. Общая теория государства и права. – М.: Юрайт, 1998. – 348 с.
4. Қазақ Энциклопедиясы. - Алматы, 2007. – 525 б.
5. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
6. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. – 456 б.
7. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 . – 566 б.

ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ

*Назарбаев Н.Ш., заң факультетінің 2 курс студенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
(Ғылыми жетекші – Байжанова Г.Т., з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы
кафедрасының доценті)*

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы қабылданған мезеттен бастап еліміздің мемлекеттік тілі ретінде қазақ тілі танылған. Онда «Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» - деп атап көрсетілген [1, 4].

Біздің мақаламызға арқау болып отырған көкейтесті мәселе – мемлекеттік тілді заң шығару тілі ретінде қалыптастыру және қолдану. Аталған заңда мемлекеттік органдардың қазақ тілін барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға және қазақ диаспорасына ана тілін сақтау мен дамыту үшін көмек көрсетуге міндеттілігі де баса айтылған. Дегенмен, ел тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығы қарсаңында мемлекеттіліктің басты атрибуттарының бірі – тіліміздің даму қарқыны, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу салаларындағы қолдану деңгейі қандай деген сұрақ ойландырмай қоймайды.

Тіл. Небәрі үш әріптен құралған бұл сөздің астарында қаншама мағына, қаншама мән, қаншама қызмет жатыр. Тіл - мына сіз бен бізді байланыстырушы қатынас құралы. Оның көмегімен адамдар бір-бірімен пікір алмасады, ойын, сезімін жеткізеді. Тілсіз қоғамды елестету мүмкін емес. Тіл арқылы адамдар білімін шыңдап, өзін-өзі жетілдіреді, қоғамда ойып тұрып орнын алады. Ендеше, осы тіл, соның ішінде қазақ тілі құралдарының еліміздің құқықтық жүйесін қалыптастырудағы рөлі мен маңызына тоқталсақ. Ол үшін алдымен құқықтық акт түсінігін, оны қалыптастырушы субъектілерді анықтап алайық.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңында: «Құқықтық акт – республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті органдар қабылдаған, құқық нормаларын немесе жеке-дара билік ететін құқықтық нұсқамаларды қамтитын, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат» - ретінде көрсетілген [2, 1].

Қазақстан Республикасында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеушілер ретінде төмендегі субъектілер танылған:

- Президент Әкімшілігі, Үкімет, өзге де мемлекеттік органдар – Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы немесе Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына негізделген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының тапсырмасы бойынша, олармен келісу бойынша – ұйымдар мен азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің заң

шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері бола алады.

- Парламент депутаттары Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері болып табылады.

- Орталық мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері болып табылады.

Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде құқық жүйесін қалыптастыруы жиырма бес жылдық белеспен ғана өлшенеді. Осы уақытта мемлекеттік тілді, соның ішінде заңдық құжаттар тілін еркін меңгерген мамандар толық қалыптаса қойған жоқ. Оның себебі, Кеңес өкіметі тұсында, тіпті, күні кешеге дейін ұлт тілінде білім алып, ол білімін заң дайындау саласында іске жаратқан мамандар өте аз болды. Сондықтан, орыс тілінде білім алып, сол тілде жұмыс істейтін адамға нормативтік актілерден бастап ресми құжаттарды қазақ тілінде дайындау қиынға соғатыны түсінікті. Нормативтік құқықтық актілердің жобасын негізгі әзірлеушілер және оны құқықтық сараптамадан өткізетін Әділет министрлігінің өзінде білікті мамандар жеткіліксіз. Заңды мемлекет тілі – қазақ тілінде жазуға көшу осы министрліктен бастау алуы керек, өйткені ол осы органның төл міндеті. Олар заңның табиғатын, заң нормасын, заңдық техниканы жетік меңгеріп қолдана алуы шарт.

Қандай да болсын жаңа іс өмірге оңайлықпен жолдама ала алмайды, сондықтан бұл іске соны серпін беріп, бір арнаға салу үшін қоғам болып жұмылу қажет. Үкімет тарапынан заң жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдар заң шығару ісіне оның қыр-сырын, заң техникасын жетік меңгерген, белгілі заңгерлерді тартып, жеткілікті деңгейде күш пен қаржыны бөлуі керек.

Депутаттардың заң шығару бастамасына келетін болсақ, мемлекеттік тілде заң жобасын әзірлеу мәселесі Парламент депутаттары тарапынан да көңілге қонымсыз болып тұр. Бірінші сайланымда Әкім Ысқақтың бастамашылығымен мемлекеттік тілде әзірленген «Көші-қон туралы» Заң қабылданды. Екінші сайланымда Мәжіліс депутаты қазақтың ақын қызы Фариза Оңғарсынованың бастамашылығымен «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заң қабылданды. Осылайша әр сайланым сайын бір-екі заңды ғана мемлекеттік тілде дайындап қабылдау жеткіліксіз.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік тілде құқықтық актілер жүйесін қалыптастыру аудармашы еңбегіне қарап тұрған жайы бар. Бұл жерде аудармашылардың атқарып отырған ерен еңбегіне дау жоқ. Мемлекеттік тіл дамуының қазіргі деңгейінде құжат тілі сол аудармашы-мамандардың күшімен орнығып келеді. Аудармашылар құжатты аударғанда көптеген сөздердің баламасын сырттан іздеуіне тура келеді. Өйткені, өзінің сөздік қорында бар сөздермен кейде құжат мәтінін, әсіресе заң тіліндегі нормаларды дәл жеткізіп беру қиын. Осындай жағдайда әртүрлі сөздіктерді, энциклопедияларды ақтаруына тура келеді, осылайша ресми тілімізді қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосады. Дегенмен, бұл жеткіліксіз.

Біздің түпкі мақсатымыз – мемлекеттік тілде заң қабылдап, құжатты тікелей мемлекеттік тілде дайындауға қол жеткізу. Тілді ресми тіл ретінде орнықтыру мәселесінде Ахмет Байтұрсынұвын: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйгенін түйгенше айтуға жарау – мұның бәрін де жұмсай білетін адамы табылса», – деген сөзі еске түседі [3].

Қазіргі жағдай – мемлекеттік тілге деген қырын қараушылықтың, қазақ тіліндегі заң мәтінін әзірлеудің бар жүгін аудармашыларға артып қоюдың салдары. Бүгінде жеке терминдерді аударуға сын айтып, оларды жөнге салумен ғана шектеліп отырмыз. Мемлекеттік тілдің дамуы мемлекеттік іс-шара болғандықтан, оған кешенді көзқарас қалыптастыру қажет.

Осы жерде тағы бір тоқтала кететін маңызды мәселе: ресми аударма ісі журналистер мен филологтарға жүктелген. Дұрысы заңның мәтінімен жұмыс істейтін адам міндетті түрде заңгер болуы керек. Өйткені, майталман аудармашы-журналистердің өзі заңның мәтінімен жұмыс істеуге келгенде, сол заңның табиғатын түсіне алмай қиналады. Әрине, бұл олардың кінәсі емес. Бүгінгі күнге дейін солай болып келді, қазір де солай. Сөздің мағынасын жете түсініп, қазақи ұғымға сай сөйлем құрғанымен, әр заң мен құқықтық актіде норма болатынын, әрбір сөйлемнің норма жүгін арқалап тұратындығын кез келген аудармашы түсіне бермейді. Заңдық техникадан хабары жоқ адам қазақшаға еркін аударып немесе редакциялап қойғанымен, орыс тіліндегі түпнұсқамен салыстырып, заң шығарушының не айтпақ болғанын зерделегенде, заң шығарушының ойын, яғни норманы бұзып алатын жағдайлар кездеседі. Сондықтан, заң мәтінімен жұмыс істейтін аудармашы да, редактор да оның табиғатын түсінетін адам, яғни заңгер болуы керек.

Ұлттық заңнама терминологиясында шешілмей жүрген бірқатар өзекті мәселелер бар. Оның біріншісі – нормативтік-құқықтық актілердегі атау сөздердің, терминдердің бірізділігі мәселесі. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының орыс тілінде әзірленуі, Парламентке келіп түскенше осы жобалардың сол тілдегі мәтіні ғана пысықталып, ал қазақ тіліндегі аударма нұсқасының назардан тыс қалуы, депутаттық жұмыс топтарында да жобамен жұмыстың негізінен орыс тілінде жүргізілуі, жалпы алғанда ұлттық заңнама тілінің, оның терминологиясының орыс тіліндегі нұсқаға байланып қалуы ұлттық заңнаманың тілі мен терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып отыр. Тиісті сала маманының, заңгердің тезінен өтпеген ұлттық термин алды-арты, кейінгі қолданылу жағдайы болжанбай, жалғыз аудармашының ой-өресіне байланып, бір қайнауы ішінде, шала-шарпы күйінде кетіп жатады.

Академик Ә.Қайдаровтың сонау 90-шы жылдардың басында айтқан: «Қазақ тілі терминологиясы әр түрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқ асты болып бара жатыр. Осының салдарынан әркімнің өз білгенінше термин жасауы немесе оны ауыстыруы, алмастыруы тәрізді бейберекет әрекетке (анархия) жол беріле бастады», – деген сөзі бүгінгі күні күрделі проблемаға айналып, алдымыздан шығып отыр [4].

Тіліміздегі, оның ішінде ұлттық заңнамадағы терминдерді бір ізге түсіруіміз қажет. Бұл – елдігімізге сын. Ол үшін терминдерді ретке келтіріп алу керек. Содан соң халықаралық теорияның қазіргі принципіне сай терминдерді стандарттау және өзара үйлестіру жұмысына көшуіміз қажет. Себебі, біз халықаралық құқық теориясынан, оның терминологиясынан тыс қала алмаймыз.

Ұлттық терминологияны қалыптастыруда кезіндегі кеңестік биліктің тәжірибесін ескеруге болады. КСРО халықтарының мемлекеттік тілі – орыс тілінің қоғамдық өмірдің барлық саласында жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында термин мәселесімен арнайы түрде айналысатын, білікті ғалымдар мен әлеуметтанушылардан құралған Ғылыми-техникалық терминология комитеті құрылып, оған арнайы институттар бағындырылды. Яғни, ол – жүйелі түрде жүргізілген жұмыстың жемісі. Біздің қазіргі Мемлекеттік терминологиялық комитетті білікті аппараты, қажетті қаржысы бар тұрақты жұмыс істейтін мемлекеттік органға айналдырудың кезі келген сияқты. Сондай жағдай жасалғанда ғана, олардан нәтижелі жұмыс талап етуге болады. Мемтерминкомның консультативтік-кеңесші орган ретіндегі қазіргі жағдайымен ұлттық терминдерімізді қалыптастыру сияқты үлкен жұмысты тиянақты жүргізу әсте де мүмкін емес екені белгілі. Кеңесші орган болғандықтан оның шешімдерінің де жалпыға бірдей міндетті күші жоқ.

2004 жылғы 21 сәуірде Үкіметтің қаулысымен Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы бекітілді. Онда терминологиялық ахуалға сипаттама беріліп, ұлттық терминологияны дамытудың негізгі міндеттері белгіленді. Оның ішінде қазақ терминологиясын реттеу; компьютерлік терминологиялық база жасау; мемтерминком қабылдаған сөздерді Үкімет қаулысымен бекіту де болды.

Тұжырымдамада Мемтерминкомды мемлекеттік орган ретінде құру бірінші міндет ретінде белгіленгенімен, ол шешімін тапқан жоқ. Терминологиялық электрондық қор жасау жөнінде де осыны айту керек. Мұндай қордың әлі күнге дейін болмауынан бір терминнің алты рет қабылданған кездері де болыпты. Терминком қабылдаған сөздер Үкіметтің қаулысымен бекітілсін деген нұсқау да орындалған жоқ. Сондықтан Тұжырымдамада белгіленген міндеттердің орындалу жайына мониторинг жүргізу қажет. Қазіргі уақытта Тілдерді дамыту және қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырылуда.

Б.Жексенғалиевтің пікірінше «Ең өкініштісі, мемлекеттік тілді тұғырына қондыру ісінде ғылыми негізделген, нақты нәтижеге бағытталған жүйелі істерден гөрі құрғақ есеп пен науқандық сипаттағы қайталама шаралар әлі де басым. Қалыптасып қалған осы қасаң жұмыс стилінен шұғыл бас тартпай, іс өнбейді» [5].

«Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге, оның мәртебесін нығайту жөнінде жүйелі жұмысты жалғастыруға тек мемлекеттік органдар ғана емес, үкіметтік емес ұйымдар және басқа да қоғамдық құрылымдар атсалысуы қажет. Себебі, қазақ тілінің беделін әлемдік тілдердің деңгейіне көтеру - Президентіміздің стратегиялық мақсаттарының бірі, біз оны орындауға міндеттіміз» - деп көрсетеді Р.Түсіпбеков [6].

Қазақстан Республикасында заң шығармашылықтың жоғары дәрежеде тиімді болуы - мемлекетіміздің демократиялық, әлеуметтік, зайырлы, біртұтастығын нығайтып, құқықтық мемлекет ретінде қарқынды түрде қалыптасуына заңдық негіз жасайды. Алайда, Республикамыздың қазіргі заңдық базасы әлі де тиісті талаптарға сай емес. Біраз заңдар

қабылданар - қабылданбастан ескіріп, тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізуді талап етіп, күшін жойып жатқан жағдайлар бар. Бұл фактілер - заңның сапасының төмендігі, олай болса, заң шығармашылықтың тиімділігінің тиісті, қажетті деңгейде болмауы. Әрине, оның да себептері бар. Мысалы, заң шығарудың әлі де тарихи қалыптасқан және дамыған елдердің Парламенттері қолданатын жетік демократиялық нысандарының, жолдарының болмауы, заң шығармашылығына әртүрлі әлеуметтік-саяси күштердің әсер ету мүмкіншілігін, яғни заңды лоббизмнің құқықтық негізінің жасалмауы, заң шығармашылығы процесін тиісті деңгейде қаржылық қамтамасыз ете алмаушылық, мемлекеттік тіл ретінде белгіленген қазақ тілінің әлі де қажеттілігі мен қоғамдағы рөлінің танылмауы, сондай-ақ, заң шығарушылардың жеткіліксіз кәсіби даярлығы және т.б.

Заң шығармашылығы қызметінің тиімділігі мәселесіне қатысты көзқарастарды зерттеу - оның тиімділігін көтеруге жағдай жасайтын шарттардың бар екендігі туралы мәліметтерге қол жеткізеді. Мысалы, з.ғ.к. Ж.М.Башарова өз еңбегінде заң шығармашылығы қызметінің тиімділігін көтерудің мынадай жолдарын ұсынады:

1. Заң жобаларын жан-жақты, мұқият дайындау және оларды комитеттердің, комиссиялардың отырыстарында мұқият қарау;

2. Парламент Сенаты мен Мәжілісінің пленарлық отырысында заңдар жобаларын жан - жақты белсенді талқылау;

3. Қазақстан Республикасы Парламентінің актілерін жүзеге асыру үшін күшті бақылауды ұйымдастыру;

4. Құқықтық актілерді орындамағаны үшін тиісті мемлекеттік-құқықтық актілерде Парламентпен белгіленген мемлекеттік-құқықтық жауаптылықты бекіту [7, 15].

Заң шығармашылықтың нәтижелерін экономикадан және адамдардың күнделікті өмірінен, қоғамның әлеуметтік және рухани салаларынан, халықаралық қатынастардан және өмірдің өзге салаларынан байқауға болады.

Қорытындылай келе, Парламенттің заң шығару қызметі өмірде болып жатқан, тарихи қалыптасқан, әлеуметтік, экономикалық, саяси процестерден туындайды, олармен өзара байланыста болады деген тұжырымға келдік. Бұл жағдайлардың бірі адамдардың еркінен тыс, тарихи қалыптасса, келесі бірі сананың шегінде болады. Объективтік негіздер мен субъективтік факторлар қандай да бір заңның шығарылуына қозғау салады, заңның мазмұнын қалыптастыруға ықпал етеді. Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің тиімді, қажетті деңгейде болуы объективтік заңдылықтарды тану жөніндегі субъективтік қызметтің дұрыс жүргізілуіне байланысты.

Құқықтық актілерді мемлекеттік тілде әзірлеуге қатысты жасалатын ұсыныстар: Біріншіден, жүргізілетін тіл саясатының заңдық-құқықтық негізін күшейту үшін «Мемлекеттік тіл туралы» жаңа заң қабылдау және мемлекеттік тіл туралы қабылданған заңға сәйкес ҚР заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек. Екіншіден, «ҚР тіл туралы» Заңының 23 бабының «Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді» деген талаптарын орындау үшін, яғни осы тізбені бекіту үшін арнайы ҚР Үкіметінің қаулысын қабылдау керек. Үшіншіден, Үкімет жанындағы терминологиялық комиссияның қабылдаған терминдерін қолдануды міндеттеу және терминдердің электрондық базасын қалыптастыру қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңы // <http://online.zakon.kz/>

2. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Заңы // adilet.zan.kz

3. Байтұрсынов А. Ақ жол.- Алматы, 1991. – 138 б.

4. Аширова А.Ә. Қайдар ұсынған қазақ терминологиясының принциптері жөнінде // <http://group-global.org/>

5. Жексенғалиев Б. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде// Қазақ елі. - 2011. - 22 қыркүйек. - Б. 10-11.

6. Түсіпбеков Р.Т. Заң шығару ісін жаңа сапалы деңгейге көтеруге жағдай жасалуда // <http://www.inform.kz/>

7. Башарова Ж.М. Законодательная деятельность Парламента Республики Казахстан: Автореферат диссертации. – Алматы, 1996. - 29 с.